

Мемлекеттік статистика  
саласындағы кәсіптік біліктілік  
жөніндегі салалық комиссия  
бекіткен  
2024 жылғы «15» ақпандағы  
(№ 2 хаттама)

**«Мемлекеттік статистикадағы сұхбаттасу»  
біліктіліктердің салалық шеңбері**

Астана, 2024

## Мазмұны

<b>1. БІЛІКТІЛІКТЕРДІҢ САЛАЛЫҚ ШЕҢБЕРІНІҢ ПАСПОРТЫ .....</b>	<b>3</b>
1.1 Жалпы ережелер: миссиясы, пайымы, мақсаттары.....	4
1.2 «Мемлекеттік статистикадағы сұхбаттасу» саласын талдау .....	9
1.2.1 Саланың ағымдағы ахуалы .....	10
1.2.2 Статистикалық өндірісте сұхбаттасуды талдау .....	15
1.2.3 Халықаралық стандарттар .....	16
1.2.4 Әлеуметтік зерттеулердегі сұхбаттасу .....	24
1.2.5 Маркетингтік зерттеулер саласындағы сұхбаттасу .....	31
1.2.6 Консалтинг саласындағы сұхбаттасу.....	34
1.2.7 Саланың статистикалық деректерін талдау .....	38
1.2.8 «Мемлекеттік статистикадағы сұхбаттасу» саласындағы кәсіби біліктіліктер картасы .....	40
1.2.9 «Мемлекеттік статистикадағы сұхбаттасу» саласындағы біліктіліктерге дағдылану тәсілдері .....	41
1.3 Саланың даму перспективалары .....	43
1.4.Саланың қолданыстағы және әзірлеуге жоспарланған кәсіби стандарттардың тізбесі.....	55
<b>2. ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫМДАР.....</b>	<b>56</b>

## 1. БІЛІКТІЛІКТЕРДІҢ САЛАЛЫҚ ШЕҢБЕРІНІҢ ПАСПОРТЫ

### Саланың анықтамасы

Біліктіліктер арқылы елдің экономикасын басқару контекстінде саланың мынадай анықтамаларын пайдалану ұсынылады:

Экономика агенттері шеңберінде (кәсіпорындар және мемлекеттік ұйымдар немесе олардың құрамындағы функционалдық бағыттар (әлеуметтану, маркетинг, консалтинг) бастапқы сапалық немесе сандық статистикалық деректерді **жинау** бойынша көрсетілетін қызметтерді (сұхбат алуды) ұсынатын **біліктіліктердің және кәсіпқойлардың жиынтығы** ретіндегі сала.

«Мемлекеттік статистикадағы сұхбаттасу» мәнмәтінде саланы нақтылайтын анықтаманы пайдалану ұсынылады:

**«Мемлекеттік статистикадағы сұхбаттасу» саласы** деректерді (алғашқы статистикалық) жинау бойынша (сұхбаттасу) көрсетілетін қызметтерді ұсынатын біліктіліктердің және кәсіпқойлардың жиынтығы ретінде қарастырылады

Экономикалық қызмет түрі – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету

Кәсіби топтар – 84.11 Жалпы сипаттағы мемлекеттік басқару

Кәсіби кіші топтар – 84.11.7 Статистика және әлеуметтану саласындағы қызмет

Бұл кіші класс мыналарды қамтиды:

- әртүрлі деңгейдегі статистикалық қызметтердің қызметі;
- әлеуметтік қызметтердің жұмыс істеуін және басқаруын қамтамасыз

ету.

## Сала: мемлекеттік статистикадағы сұхбаттасу

### 1.1 Жалпы ережелер: миссиясы, пайымы, мақсаттары

Сұхбаттасуды әртүрлі бағыттарда: сұхбаттасу қызмет түрі және сұхбаттасу ретінде, дағды және техника ретінде қарастыруға болады. Сұхбаттасу - белгілі бір сұрақтар аясында тексерілетін тұлғаларға тікелей сұрау салу жолымен ақпарат алу тәсілі.

Осыған сәйкес аталған бағытты бұдан ауқымдырақ мәнмәтінде қарастыру мүмкіндігі туралы қорытынды шығаруға болады.

**Миссия** – сала мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамытуға жәрдемдесу, кадрларды даярлауға арналған дескрипторларды сипаттау, экономиканы талдау және болжау бойынша жоғары сапалы қызмет көрсетуде елдің статистикалық өндірісіне көмек көрсету.

**Пайым** – бұл мемлекеттік статистика саласын мемлекет пен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын кадрлық ресурстармен қамтамасыз етудің тиімді жүйесі.

### Әртүрлі стейкхолдерлердің мүдделерін ескере отырып, саланың мақсаттары әртүрлі:

Кәсіпқойлар	Саланың кәсіптендірілуіне көмек көрсету
Ұлттық статистика бюросы	Статистикалық өндірістің және мемлекеттік статистикаға сенім деңгейін арттыруға көмек көрсету
Экономика	Экономикалық жоспарлаудың және болжаудың сапасын арттыруға көмек көрсету
Мемлекет	Салыстыра тексерілген шешімдерді қабылдау үшін сапалы және шын статистикалық деректерді ұсыну
Сұхбат алу бойынша қызмет көрсетулердің нарығының қатысушылары	Салыстыра тексерілген шешімдерді қабылдау үшін сапалы және шын статистикалық деректерді ұсыну

Төменде кеңейтілген шекараларды ескеретін салалық сипаттамалар келтірілген:

<b>Саланың негізгі өнімі</b>	Жиналған (алғашқы) (статистикалық) деректер және талдамалық деректер / қорытындылар
<b>Саланың негізгі технологиялары</b>	Әдістемелік әзірлемелер/ зерттеу тұжырымдамасы және IT технологиялар
<b>Саланың шекаралары</b>	Деректердің (алғашқы статистикалық) жинау, талдау және түсіндіруді басқару процестері

## Глоссарий

«Сұхбаттасу» біліктіліктер саласының салалық шеңбер паспортында мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

- 1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;
- 2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;
- 3) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;
- 4) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;
- 5) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;
- 6) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышы (бұдан әрі – ҰКС) – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;
- 7) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;
- 8) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

9) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптаушының, Ұлттық біліктілік шеңберінің негізінде әзірленеді және салада орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және пайдаланылатын білімнің, машықтың және құзыреттің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды сыныптайтын құжат;

10) салалық мемлекеттік органдар (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) – мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

11) Ұлттық біліктілік жүйесі (бұдан әрі – ҰБЖ) – біліктілікке еңбек нарығы тарапынан сұранысты және біліктілікке білім беру, оның ішінде информалды білім беру жүйесі тарапынан ұсынысты реттеу мен келісудің құқықтық және институционалдық құралдары мен тетіктерінің кешені.

### **Кәсиби және тұлғалық құзыреттер сөздігі**

**Құзырет** – кәсіби міндеттерді/ функцияларды тиімді орындауға апаратын кез келген жеке тұлғалық мінездеме / мінез-құлық.

**Көпшілдік** – кәсіпқой маманның адамдармен ашық қарым-қатынас жасауы, командада жұмыс істеу ниеті, таныстарының көп болуы қабілеттілігі.

**Ықпалдылық**- көшбасшы болуға, басқалар үшін жауапты болуға, үстем болуға, келіссөздерді белсенді жүргізуге, тауарды немесе идеяларды алға жылжытуға талпыну.

**Қамқорлық** – адамдарды қолдауға, дамытуға және рухтандыруға талпыну, оларға қиындықтарды жеңуге көмектесу, сондай-ақ басқа да қызметтер көрсету.

**Талдамалылық** – интуитивті ойламай, аналитикалық ойлауға талпыну, міндеттерді шешу барысында барлық «жақтаушыларды» және «қарсыларды» бағалау, статистикалық деректерге және сандарға сенімді сүйену.

**Концептуалдылық** – теориялық моделдерді епті қолдануды қоса отырып, келекшекке деген көзқараспен стратегиялы ойлауға талпыну.

**Әдісшілдік** – жұмыста әдістемелік көзқарасты қолдану ниеті, жұмысты жоспарлау және құрылымдау, егжей-тегжейлерге көңіл бөлуді таныту.

**Қалыптылық** – этикалық қағидаларды және ережелерді сақтауды адал ниетпен ұстануға талпыну.

**Клиентке- бағдарланушылық** – жан-жағындағылардың / клиенттердің / мүдделі тараптардың ағымдағы және келекшектегі тұтынушылық қажеттіліктерін анықтау және ден қоюға ұмтылу.

**Өзін - өзі тану** – өзінің әлсіз және күшті жақтарын белгілеуді қоса отырып, өзін, өзінің жан толғаныстарын және уәждерін, сондай-ақ олардың өзінің мінез-құлқына және/ немесе басқалардың мінез-құлқына қалай әсер етітінін түсіну.

**Оқып үйрену** – жаңаның бәрін меңгеріп үйрену тілегі және қабілеті.

**Сынды қабылдау және кері байланыс** – қоршағандардан кері байланыстың кез келген түрін, оның ішінде сынды қабылдау, сонымен қатар осындай сынның табиғатын түсіне және қабылдай отырып, әрекет ету қабілеті.

**Білуге құмарлық** – жаңа білімге немесе жаңа тәжірибеге дағдылануға талпыну.

**Өз қызметін ұйымдастыру** – өз энергиясын және күшін дұрыс ұйымдастыру, жоспарларды және басымдылықтарды ұстану қабілеті.

**Ресурстарды басқару** – жоспарларды және басымдылықтарды ұстану, ресурстарды дұрыс бөлу қабілеті.

**Приоритезация** – таңдап алынған артықшылықтарға бейілділікті сақтай отырып, басымдылықтарды орын-орнына қою, маңыздысын және маңызды емесін, шұғыл және шұғыл емесін айқындау қабілеті.

**Міндеттерді қою** – белгілі бір міндеттердің орындалу мақсаты, шарттары және оның табысты орындалуының өлшемшарттары туралы жан-жағындағыларға жеткізу және тұжырымдау ептілігі.

**Командаларды қалыптастыру** – болашақ табыстың айқын пайымдалуын хабарлау және дамыту ынтасымен ниеті, басқаларды осы пайымдағы бағытта жұмыс істеуге жігерлендіру.

**Басқаларды дамыту** – өз қажеттіліктерін түсінуде басқаларды ынталандыру және олардың мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін жағдай туғызу қабілеті.

**Басқаларды ынталандыру** – олардың алдына қойылған міндеттерге жетуде көмек көрсету үшін басқалардың ерекшеліктерін ескеру және түсіну қабілеті.

**Табыстау** – нәтижеге жету үшін басқаларды жауапты қылу және осыған қажетті өкілдіктерді тапсырып беруге дайын болу қабілеті.

**Жауапкершілік** – мақсаттарға жету және күтіп отырған нәтижелерге сәйкес болу ниеті үшін саналы әрекеттер жасауға дайындық.

**Тәуекелдікті қабылдау** – қойылған мақсаттарға жетпеу/ орындалмау қаупінің белгілі деңгейін болжайтын әрекеттер жасауға талпыну.

**Мақсаттарға жетудегі табандылық** – қойылған мақсаттарға жету жолындағы кедергілердің алдында тұрақты энергияның және шешімділіктің бар болуы.

**Бастамашылдық** – қиыншылықтардың туындауын алдын ала болжау және оларды шешуге арналған әрекеттер қабылдауға талпыну қабілеті.

**Жасампаздық** – алдыңғы баламаларды негізге алып, жаңаны жасау қабілеті.

**Мүмкіндіктерді пайымдау ептілігі** – өсуді және жақсаруды тұспалдайтын шынайылықты жағымды қабылдау.

**Сыни ойлау** – проблемаларды шешудің баламалы тәсілдерінің / міндеттерді шешу тәсілдерінің артықшылықтарын және кемшіліктерін анықтау үшін логиканы және пайымдауды қолдануға талпыну.

**Тұрақсыздық жағдайындағы жұмыс** – табысқа жету шарттарымен факторларын толық емес /ішінара түсінулер жағдайларында қажет болған нәтижеге жету үшін әрекеттер қабылдау қабілеті.

**Презентациялық құзыреттері** – мүдделі тараптарлардың қолдауларына ие болу мақсатында оларға идеяларды ұсына білу.

**Жазбаша** – өзінің идеяларын жазбаша форматта мазмұндау / есептер және қорытындылар құру қабілеті.

**Келіссөздік** – қажет болған нәтижеге жету және барлық мүдделі тұлғалар / қатысушы тараптар үшін ұтымды болатын келісімге келуі және жағымды қарым-қатынастарды сақтауы мақсатында жан-жағындағыларға эмоциялық әсер етуді және дәлелдеуді епті пайдалану.

**Ашықтық-** тежеуші факторлармен және жеке кедергілерімен, өзінің әлсіз және күшті жақтарына қатысты басқалармен идеяларымен бөлісу ниеті, сонымен қатар өзінің кемшіліктерін және қателіктерін мойындай білуі.  
**Командадағы жұмыс** – нәтижеге жету үшін басқалармен бірге қызмет жасай білуі және талпынуы.

**Әдептілік** – уәделерін орындау білу, қабылданған ережелерді сақтау және өзінің және жан-жағындағылардың алдында адал болып қалу қабілеті.

**Эмпатия** – басқалардың болашақтарына негізделе отырып, олардың сезімдерімен ойларын түсіну және ұғынып әрекет ету қабілеті.

**Өзін өзі басқару** – жоғары тиімділікке жету мақсатында, тіпті қиын жағдайларда да өзінің эмоцияларын басқара білу.

**Сынды адекватты қабылдау** – өзінің атына сынды дұрыс қабылдау, сонымен қатар осындай сынның табиғатын қабылдап және түсіне отырып, әрекет ету қабілеті.

**Әлеуметтік жауапкершілік** – тек өз қажеттіліктерімен мүдделерін ғана ескермеу тілегі, өзін әлеуметтік топтардың және қоғамдастықтардың бір бөлігі деп қабылдау және олардың болашақтарын есепке алумен әрекет ету.

**Кроссфункционалдық және кросстәртіптік өзара әрекеттестік** – өзара әрекеттерден тиімділіктің жоғары деңгейіне жету үшін басқа атқарылымдардың және қызмет бағыттарының қатысушыларымен қарым-қатынастар және байланыстар құруға талпыну.

**Шетел тілдері және мәдениеттер** – басқа тілдерді және мәдениеттерді білу, сонымен қатар біріккен іс-әрекеттік тиімділікке жету үшін қолда бар білімді қолдана білу.

**Деректерді талдау және өңдеу** – қиындығының дәрежесіне байланысты және олардың басқа шешімдерін және нысандарын қайта құра отырып, әртүрлі әдістерді және тәсілдерді қолдана отырып, деректерді және жағдайларды талдай білу.



## 1.2 «Мемлекеттік статистикадағы сұхбаттасу» саласын талдау

Статистикаға (мемлекеттік) талдамалық және деректерге / зерттеулерге сенім деңгейін арттыру қажеттілігі «Мемлекеттік статистикадағы сұхбаттасу» бағыты бойынша біліктіліктің салалық шеңберін құрудың негізгі мақсаты болып табылады.

Мемлекеттік статистикалық ұйымдар үшін бұл кәсіби қызметтің, кәсіби дайындықтың талаптарына / ынталандыру деңгейіне қатысты біліктіліктер деңгейін құрылымдау, сонымен қатар саланың кадрлық ресурсын жоспарлау үшін жағдайлар жасау мүмкіндігі. Экономикалық жоспарлау мен болжаудың тиімділігі статистикалық ақпараттың сапасымен және талданылатын деректердің айқындалады. Бұл ретте, елдің статистикалық жүйесін операциялық қамтамасыз етілуіне және институционалдық жетілдірілуіне, кадрлық әлеуеттің, инфрақұрылымның, стандарттардың және әдіснаманың дамуына, пайдаланушылар және респонденттермен жұмыстың сапасын арттыруға көңіл бөлу маңызды.

Алғашқы (сапалық немесе сандық) деректерді жинау көбінесе соңғы пайдаланушы ұсынатын статистикалық және талдамалық қызметтердің сапасына әсер етеді.



Саланың талдауын бұдан әрі жүргізу кезінде БСШ мен КС әзірлемелерінің екінші мақсаты – сала шекарасын кеңейтуде интервьюердің мансаптық жолын пайымдауы.

**«Мемлекеттік статистикадағы сұхбаттасу» Біліктіліктердің салалық шеңберін әзірлеу жұмысы мынадай құрамдастардан тұрады:**

1. Сала шекарасын түсіну және талқылау үшін басқа: әлеуметтану, маркетинг, консалтинг салаларының өкілдерімен сарапшылық сұхбат.
2. Үздік тәжірибелердің, халықаралық әдістемелердің, сайттардың талдауы.
3. Нормативтік құжаттарды зерделеу.
4. Кәсіпқойлармен дөңгелек үстелдер өткізу.

Саланың функционалдық талдауы мынадай мақсаттарға жетуге бағытталды:

- саладағы кәсіптер табиғатын және олардың шекараларын айқындау
- саланың негізгі функционалдық бағытарын сипаттау
- елдегі саланың қазіргі замануи жай-күйін бағалау
- саланың даму перспективаларын айқындау

Талдаудың нәтижесінде интервьюер тікелей қосылатын 4 негізгі салалар бөлініп алынды:

- мемлекеттік статистикадағы интервьюер
- әлеуметтанудағы интервьюер
- маркетингтегі интервьюер
- консалтингтегі интервьюер

### 1.2.1 Саланың ағымдағы жай-күйі

#### Кәсіби қызмет түрлерінің сипаттамасы

«Сұхбаттасу» кәсіби қызметінің кәсіптер шекарасына (еңбек функциялары) талдауын негізге алып, ҚР ЭҚЖЖ - 2019 анықтамалығына сәйкес мынадай экономиканың сектор /ішкі секторлары қосылған:

Коды	Секциялардың және бөлімдердің атауы:
84117	Статистика және әлеуметтану саласындағы қызмет
72201	Отандық өндірісті дамытуға көмек көрсетуге бағытталған қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер
72202	Индустрияны дамытуға көмек көрсетуге бағытталған қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер
72204	Экономикалық, бюджеттік және стратегиялық жоспарлау саласындағы пәнаралық зерттеулер және әзірлемелер
72209	Басқа топтастыруларға кіргізілмеген қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер және сараптамалық әзірлемелер
73200	Нарық конъюктурасын зерттеу және қоғамдық пікірлерді зерделеу

#### ***84117 Статистика және әлеуметтану саласындағы қызмет***

Осы ЭҚЖЖ-ға ҚР СТРА Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - ҰСБ) сияқты статистика саласындағы ұйымдары енеді. Жыл сайын ҰСБ интервьюерлер қатысатын бір қатар зерттеулер жүргізеді. Зерттеулер кезеңділігімен, жүргізудің күрделілігімен, сауалнамалар мен нұсқаулықтардың көлемімен және төленуімен ерекшеленеді.

1. Жұмыс күшін зерттеулер (ЖКЗ) Қазақстанның еңбек нарығының қалыптасуы үшін басты негіз болып табылады. ЖКЗ жүргізу ХЕК өлшемшарттарына, оның ішінде ХЕК 19-конференциясында қабылданған қарарға негізделеді. Өңірлік деңгейде 90 қызметкер тексеру жүргізеді және 362 қызметкер жинаумен және деректерді өңдеумен айналысады. Жұмыс күшін тексеру үшін іріктеме Қазақстандағы үй шаруашылығының жалпы санынан 4,5% құрайды. Зерттеуде іріктеменің кластерлік дизайны қолданылады. Үй шаруашылығының 15 жас және одан үлкен барлық мүшелері зерттеумен қамтылған.

2. Тұрмыс шарттары бойынша статистикалық деректер (немесе тұрмыс деңгейі статистикасы СК пайдаланатын термин) үй шаруашылықтарының кірістерін және шығыстарын (ҮКЖШТ) зерттеулерден жүргізіледі. ҮКЖШТ үш мақсатты көздейді:

- Ұлттық шоттар үшін деректер
- Тұтынушы бағаларының индекстерін есептеу үшін салмақтарды алу
- Барлық елдің және оның өңірлері халқының тұрмыс деңгейінің өңірлік ерекшеліктерімен және даму үрдісін көрсететін кешенді көрсеткіштер жүйесін алу. Жалпы алғанда 1200 отбасы таңдалып алынды, бұл Қазақстандағы 0,3 % үй шаруашылығын құрайды. Өңірлік деңгейдегі қызметкерлердің саны 533 адамды, оның ішінде 133 әдіскерлер және 400 интервьюерлерді құрайды.

3. Ауылшаруашылық инфрақұрылымы және ауылшаруашылық өндірісі бойынша статистикалық деректерді түзудің негізгі төрт дереккөзі (ауылшаруашылық құрылыстарының статистикасы):

1. Ауылшаруашылық тіркелімі
2. 2006 жылғы ауылшаруашылық (өсімдік шаруашылығы) және 2007 жылғы (мал шаруашылығы) санағы

3. Ауыл шаруашылығы бойынша статистикалық зерттеулер
4. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің әкімшілік деректері

Қазіргі уақытта деректер электронды нысанда және қағаз жеткізгіште, оның ішінде интервьюерлер көмегімен жиналады.

4. Туризм статистикасын ҰСБ Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті жүргізеді. Ұлттық шорттар басқармасы туризмнің қосалқы шорттарын құрайды. Статистикалық және әкімшілік дереккөздерің кешені, оның ішінде ҚР ҰҚК-нің Шекара қызметінің елден шыққандар және кіргендер және Ауылшаруашылығы министрлігінің ерекше қорғаудағы табиғат аумақтарына келушілер туралы деректері қолданылады. Негізі статистикалық зерттеулерді өңірлік онгардардың қызметкерлері өткізеді.

5. Статистикалық байқауларды, зерттеулерді және халық санақтарын ұйымдастыру өткізіледі. Зерттеуге интервьюерлер тартылатын болады.

Кесте. ҰСБ зерттеулерінің тізбесі

№	Атауы	Индекс	Кезеңділігі	Сипаттамасы	Нысан	Нұсқаулық
1	«Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейі»	ХСД	жылына екі рет	Зерттеу тұрғылықты жердегі қауіпсіздік деңгейін, құқық қорғау органдарының жұмысына деген көзқарасты бағалауға қатысты, құқық қорғау органдарының өкілдеріне сенім деңгейі өлшенеді.	4 бет	4 бет
2	«Үй шаруашылығын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы туралы зерттеу»	Н-020	жылдық	үй шаруашылығы туралы жалпы ақпарат, компьютерді, интернетті мобильді телефонды қолдануы туралы сұрақтар, Интернет желісін пайдаланудың негізгі мақсаттары	15 бет	6 бет
3	«Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу»	Н-050	жылдық	Жасалған сапарлар мақсаты, орны, сапарға кім қатысқаны, шығыстары, орналасқан жерлері, сапарға қанағаттануы туралы жалпы ақпарат	6 бет	5 бет
4	«Келушілерді зерттеу»	Н-060	екі жылда бір рет	Қазақстанға келуі, келу мақсаты, топ құрамы, келген уақыты және келген жері, сапар мақсаты, негізгі шығыстар, қиындықтар, сапар кезінде немен айналысқаны, қанағаттануы және ассоциациялары туралы сұрақтар	5 бет	5 бет
5	«Уақытты пайдалану күнделігі»	D-001	бір реттік	Уақытты күнделікті есепке алу, респондент күні бойы немен айналысты	15 бет	2 бет

6	«Халықтың тұрмыс сапасы»	D-002	жылына бір рет	Өмірдің әртүрлі қырлары: шарттарына, денсаулығының жай-күйіне, қаржылай жағдайына, кәсіби дағдыларына, қауіпсіздікке, тұрғылықты жерлеріндегі жағдайға, сонымен қатар денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы қызмет көрсетулерге қанағаттануын қамтитын сауал салу	17 бет	4 бет нұсқаулық
7	«Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі»	D-003	тоқсандық	Азық тауарларына (үй шаруашылығында пайдаланатын) және олардың саны (өзінің қосалқы шаруашылығынан тегін алатын немесе сыйға тартылған азық-түліктерді қоса), сонымен қатар жанар-жағармай материалдарына шығыстарын қоса күнделікті шығыстарды есепке алу	29 бет	5 бет
8	«Үй шаруашылығының шығыстары және кірістері бойынша тоқсан сайынғы сұрақнама»	D-004	тоқсандық	Киімге, маталарға және аяқкиімге, үй керек-жарақтарына, тұрмыстық техникаға, жиһазға және басқа да азық-түлік емес тауарларға тоқсан ішінде кететін шығыстарды есепке алу. Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өндірісі: шығыстар және кірістер.	30 бет	16 бет
9	«Негізгі сұхбатқа арналған сұрақнама»	D-006	жылына бір рет	Статистикалық байқаулар үй шаруашылықтарының тұрмыстық жағдайлары, ұзақ қолданатын заттармен қамтамасыз етілуі туралы деректерді алуға арналған	5 бет	10 бет

10	«Темекіні тұтыну туралы сұрақнама»	D- 007	жылына бір рет	2020 жылдан бастап ересек тұрғындарға темекіні тұтынуы туралы сауалнама жүргізу	6 бет	3 бет
11	«Үй шаруашылығы құрамының бақылау карточкасы»	D- 008	жылдық (тоқсан сайын нақтылау мен)	Статистикалық байқаулар зерттелетін үй шаруашылығының барлық мүшелерінің тізімін құруға және олардың әрқайсысы бойынша әлеуметтік-демографиялық сипаттама алуға арналған	3 бет	6 бет
12	Мульти-индикаторлық кластерлік зерттеу (МИКС)		бес жылда бір рет	Әйелдердің және балалардың жағдайы туралы көптеген көрсеткіштер бойынша кластерлік зерттеу	63 бет	-
13	«Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы»	T-001	Айлық	Үй шаруашылығы, тұрғылықты, туған жері, туғаны және азаматтығы туралы жалпы мәліметтерді қамтитын сауал салу Сонымен қатар, респонденттің жұмыспен қамтылуы, волонтерлік жұмысы, қосымша күнкөріс қаражаттары туралы сұрақтардан тұрады	23 бет	7 бет
14	«Лайықты еңбек»	T-004	Үш жылда бір рет	Жұмыс жағдайы және кестесі, артық істелген жұмыс уақытының себептері, оқыту, жұмыс орнын ауыстыру ниеті туралы қосымша сұрақтардан тұратын сауал салу	9 бет	3 бет
15	«Шағын шаруа немесе фермер қожалықтарында және жұртшылық шаруашылықтарын мал шаруашылығы өнімдерін өндіру »	A-008	айлық	Өзі тұтынуы және сатуы үшін мал мен құсты сату, мал шаруашылығы өнімдерін өткізу көлемдерін толтыру нысаны	10 бет	4 бет

16	Шағын шаруа немесе фермерлік қожалықтары мен жұртшылық шаруашылық Тарындағы ауыл шаруашылығы дақылдарын түсімдерін жинау туралы	А-005	Жылдық	Егістік алаңдарының өлшемдері, факті бойынша жиналған алаң, егінді факті бойынша жинау және жаздық егістің ысырап болғаны туралы, ауыл, орман және балық шаруашылықтары өнімдерінің (қызмет көрсетулер) Статистикалық анықтамалығын кодтарына сәйкес суармалы жерлер бойынша және жеке дөнді дақылдардың қарастырылған нысанымен нақтыланған деректер.	10 бет	4 бет
17	«Отынды және энергияны тұтыну бойынша үй шаруашылығын зерттеу сауалнамасы»	Н-010	Бес жылда бір рет	үй шаруашылықтарында отын және энергияны тікелей тұтынушылардан деректерді жинау	13 бет	4 бет

### 1.2.2 Статистикалық өндірістегі сұхбаттасуды талдау

Интервьюер – статистикаға және талдамалық деректерге пайдаланушылардың сенімін арттыруға үлес қосатын статистикалық және талдамалық өндірістің басты біліктіліктерінің бірі. Интервьюерге мәртебе беру үшін «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңға интервьюер түсінігі енгізілді: интервьюер - жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар және ұлттық санақтар жүргізу кезінде респонденттер мен үй шаруашылықтарына сауалсалуды жүзеге асыратын тұлға.

#### Статистикалық өндірістің негізіне жататын жұмыс қағидаттары:

1 қағидат: Маңыздылығы, Объективтілігі және жалпыға қолжетімділігі	Ресми статистика үкіметті, экономикалық орталарды және қоғамды экономикалық, демографиялық, әлеуметтік және экологиялық жағдай туралы деректермен қамтамасыз ете отырып, демократиялық қоғамның ақпараттық жүйесінің қажетті элементі болып табылады. Осы мақсатпен азаматтардың қоғамдық ақпаратқа құқығын құрметтеуді қамтамасыз ету үшін, тәжірибелік құндылығы бар ресми статистикалық деректер мемлекеттік статистикалық ведомстволармен объективті негізде дайындалып және таратылады.
2 қағидат: Кәсіби стандарттар	Ресми статистикаға сенімді сақтау мақсатында ғылыми қағидаларды және кәсіби әдепті қоса отырып, қатаң кәсіби

және әдеп	ұғынысқа сәйкес, статистикалық ведомстволар статистикалық деректерді жинаудың, өңдеудің, сақтаудың және ұсынудың тәртіптеріне және әдістеріне қатысты шешім қабылдауы тиіс.
3 қағидат: Есеп берушілік және ашықтық	Деректерге дұрыс түсінік беруді жеңілдету үшін статистикалық ведомстволар ақпаратты дереккөздерге қатысты ғылыми стандарттарға, статистика саласында тәртіптеріне және әдістеріне сәйкес ұсынулары тиіс.
4 қағидат: Дұрыс қолданбауды болдырмау	Статистикалық деректерге түсінік беруде немесе статистикалық деректерге дұрыс қолданылмағанда статистикалық ведомстволардың түсінік беруге құқығы бар.
5 қағидат: Ресми статистиканың дереккөздері	Статистикалық мақсаттар үшін деректер дереккөздердің барлық түрлерінен жиналуы мүмкін, бұл статистикалық тексерістер немесе әкімшілік есеп беру болуы мүмкін. Статистикалық ведомстволар сұхбаткерлерге жүктелетін сапасына, уақыттылығына, шығындармен жүктемеліктерге қарай дереккөзді таңдауы қажет.
6 қағидат: Құпиялылық	Статистикалық ақпаратты дайындау үшін статистикалық ведомстволармен жиналатын жеке деректер, олардың жеке немесе заңды тұлғаға қатыстылығына қарамастан, қатаң құпиялылықта болуы және тек қана статистикалық мақсаттар үшін ғана қолданылуы тиіс.
7 қағидат: Заңнамалық	Статистикалық жүйелер қызметінде қолданылатын заңдар, нормалар және өлшемдер ашық болуы тиіс.
8 қағидат: Ұлттық үйлестіру	Статистикалық жүйеде келісушілікті және тиімділікті қамтамасыз ету үшін, статистикалық ведомстволардың қызметін елдер деңгейінде үйлестіруді іске асыру қажет.
9 қағидат: Халықаралық стандарттарды қолдану	Статистикалық ведомстволармен әрбір елде халықаралық тұжырымдаманы, біліктіліктерді және әдістерді қолдану статистикалық жүйелердің келісушілігін және тиімділігін барлық деңгейлерде қамтамасыз етуге ықпал етеді.
10 қағидат: Халықаралық серіктестік	Статистика саласында екіжақты және көпжақты серіктестік ресми статистиканың барлық елдерде жетілуіне жәрдемдеседі.

### 1.2.3 Халықаралық стандарттар

Зерттеудің мақсаттарына және қолданатын аспаптарына қарай интервьюер және онымен жүргізілген жұмысты бағалаудың әртүрлі ұйымдарда өз бағалау өлшемшарттары бар.



## Әртүрлі елдердің статистикалық жүйелерінің негізіндегі сапа қағидаттары

### 4. A two-step approach: medium-term goals and short-term actions

16. The main objectives of the new OECD statistical strategy would be, over the medium term, to:

- improve the quality of OECD statistics;
- increase the efficiency of OECD statistical activities;
- develop the competencies of OECD statistical staff;
- enhance the role of the OECD in the international statistical network.

17. The first target uses the term "data quality" in a broad sense. A lot of work has been done in recent years to apply the concept of quality to statistics. For example, IMF, Eurostat and Statistics Canada have identified a number of data quality elements and the application of these elements requires continuous set of tradeoffs (see table 1).

Table 1 – Quality elements developed for statistical activities

Statistics Canada <sup>1</sup>	Eurostat <sup>2</sup>	IMF <sup>3</sup>
Relevance	Relevance	
Accuracy	Accuracy	Accuracy and reliability
Timeliness	Timeliness	
Accessibility	Accessibility and clarity	Accessibility
Interpretability		
Coherence	Coherence	
	Comparability	
	Completeness	
		Integrity
		Methodological soundness
		Serviceability

1. Statistics Canada Quality Guidelines, 3<sup>rd</sup> edition, October 1998, available at [www.statcan.ca](http://www.statcan.ca)

2. Assessment of Quality in Statistics, Eurostat, April 2000.

3. IMF Data Quality Assessment Framework available at <http://dsbb.imf.org/glossary.pdf>

«Қазақстан Республикасының статистикалық жүйесін жаһандық бағалау» есебінде сапаны бағалау критерийлері сипатталған:

- 1) қолжетімділік және анықтық;
- 2) өзектілік;
- 3) нақтылық;
- 4) уақыттылық және мұқияттылық;
- 5) келісушілік және салыстырмалылық.

Есептің деректері бойынша мемлекеттік статистика саласында уақытша негізде тартылатын, 1400 жергілікті интервьюерлер жұмыс істейді. Интервьюерлер күрделі жұмыс жүргізеді. СК үшін статистикалық зерттеулерді жүргізуге арналған сыртқы серіктестерді таңдау үшін стандартты әдіснама бар және жарияланады. Өңірлік бөлімшелер Орталық аппараттың нұсқауларына сәйкес егіс даласында интервьюерлер үшін дайындықты және әкімгерлікті қамтамасыз етеді.

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтындағы интервьюердерге арналған нұсқаулық интервьюерге біліктілігіне келесі талаптарды және жеке қасиеттерді атап өтеді:

1. Өз ісіне жауапкершілікпен қарау.
2. Құзыреттілік, ұйымдасқандық, жұмыстағы айқындылық.
3. Жұғымдылық, адамдармен тіл табыса білуі, сенімге кіру қабылеті
- Іскерлік ахуал құру, респондентті ынтымақтастық құруға түрткі болу.
4. Әдептілік, ақжүректілік, шыдамдылық.
5. Сыртқы келбеті мұнтаздай таза, жақсы мінез-құлық.
6. Құпиялылықтың талаптарын сақтау.

### Интервьюер біліктілігіне қойылатын талаптар:

жоғары (жоғарғы оқу орнынан кейінгі), техникалық орта және кәсіптік немесе жалпы-орта білім, жұмыс өтілі бойынша талапты қоюсыз.

Интервьюерлердің қолын келуі керек болатын, халықаралық өлшемшарттарға сәйкес білім, ептіліктер және қызығушылықтар тізімдемесі бар (деректер <https://www.onetonline.org/> сайтынан алынды):

Білім*	Ептіліктер*	Мүдделер	Қасиеттер	Міндеттер
Тілдік (құрылымы, грамматикасы, лексикасы), Клиенттік қарым-қатынастарды құру негіздері (қағидалары және қызмет көрсету процестері: қажеттіліктері н анықтау, сапаның күтілетін деңгейіндегі қызмет көрсетулер, клиенттік тәжірибенің сапасын бағалау), Компьютерлік / ИТ/ Тел білімі, Ісқағаздарын жүргізу және әкімшілік тәртіп негіздері, Сатулар және маркетинг негіздері, (көрсетудің әдістерін және техникаларын, идеяларды алға	Белсенді тыңдау, Тиімді вербалды тілдесу Идеяларды / мағынасы Мәнін түсіне отырып оқу, Сыни ойлау, Клиентке-бағдарланушылық	Біршама дәреже тәуекелдік болатын, жобалармен қысқа мерзімді міндеттер аясында ақпараттың сипаттамасымен және деректерімен, рәсімдері бойынша жұмысқа бейімділік Басқалармен жұмыс істеуге талпыныс, араласып және басқаларды оқып-үйрету, көмектесіп басқаларға қызмет көрсету	Тетіктерге көңіл қоюшылық, Әдісшілдік, Талдамалылық Қалыптылық, Жұғымдылық Ықпалдылық, Қамқоршылдық	Ақпараттың деректерін алу және жинау, кодқа қою, категориялау, деректерді анықтап тексеру, Техникамен және технологиялармен жұмыс, Өндірістік үрдістің барлық қатысушыларымен тиімді қарым-қатынастар құру және оларды қолдау.

жылжытудың және сатудың/ қызмет көрсетулер білу,				
--	--	--	--	--

\*қызмет үшін маңыздылығының тәртібінде көрсетіліп отыр

Мемлекеттік статистика аясында біліктіліктердің салалық шеңберін және кәсіптік стандарттарды құру интервьюерлердің қызметін реттеудің және осы саладағы ресурстарды басқарудың сапасын көтерудің аспабы ретіндегі қызмет ету міндеті.

Мемлекеттік статистикадағы интервьюерлердің қызметін реттеудің рәсімдері			
Жоспарлау және бюджеттеу	Жұмысқа тарту, іріктеу және жалдау	Оқып - үйрену және даму	Алға жылжу, ұстап тұру, еңбек ресурстарын босатып шығару
Орындалатын жұмыс деңгейінің ынталандыру деңгейімен байланысы	Білім, ептілік, құзыреттер	Жаңа жұмыс түрлерін меңгеру арқылы біліктілікті дамыту	Біліктіліктің автоматтандырылуы және түрлендірілуі

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес біліктіліктерге қойылатын талаптар кәсіптік міндеттердің тиімді орындалуы үшін қажетті білім, ептіліктер (дағдылар), жеке және кәсіптік құзыреттіліктер түрінде тұжырымдалады.

Жеке және кәсіптік құзыреттіліктерді сипаттау үшін, халықаралық сарапшылармен дайындалған келешек еңбек нарығына бағдарланған мінез-құлық үлгісі қолданылды.

**3 сурет | 2025 құзыреттерінің максатты үлгісі**

**Когнитивтік ептіліктер**

- Өзін өзі дамыту**
  - Өзіндік сана-сезім
  - Оқып-үйрену
  - Сынды қабылдау және кері байланыс
  - Білуге құмарлық
- Ұйымдасқандық**
  - Өзінің қызметін ұйымдастыру
  - Ресурстарды басқару
- Басқарушылық ептіліктері**
  - Приоритизация
  - Міндеттер қою
  - Командаларды құру
  - Басқаларды дамыту
  - Басқаларды уәждеу
  - Табыстау
- Нәтижелерге қол жеткізу**
  - Жауапкершілік
  - Тәуелділікті қабылдау
  - жағдайындағы мақсатқа жетудегі табандылық
  - Бастамашылық
- Бейстандарттық міндеттерді шешу**
  - Жасампаздық, оның ішінде мүмкіншіліктерді кері білу
  - Сынни ойлау
- Бейімділік**
  - Белгісіздік жұмыс

**Әлеуметтік-мінездік ептіліктер**

- Байланыс**
  - Таныстыру-ұсыну
  - Жазбаша
  - Келіссөздік
  - Ашықтық
- Тұлғааралық ептіліктер**
  - Командадағы жұмыс
  - Әдептілік
  - Эмпатия
  - Клиентке-бағдарланушылық
  - Күйзелісті басқару
  - Сынды адекватты қабылдау
- Мәдениетаралық қарым-қатынастар**
  - Саналылық
  - Әлеуметтік жауапкершілік
  - Кроссфункционалдық және кросстәрттітік өзара әрекеттестік
  - Шетел тілдері және мәдениеттері

**Сандық ептіліктер**

- Жүйелерді құру**
  - Бағдарламалау
  - Қосымшаларды әзірлеу
  - Өндіріс жүйелерін жобалау
- Ақпаратты басқару**
  - Деректерді еңдеу және таңдау

Источник: консенсус-мнение экспертов – представителей Сбербанка, RosExpert/Korn Ferry, Высшей школы экономики, WorldSkills Russia, Global Education Futures и BCG.

Төмендегі кестеде біліктіліктерге қажетті құзыреттер сипатталады.

СБШ деңгейі	4
Кәсіптер ҰКЖ - нен	4314-1-002 Статистикалық байқауларды (тексерулерді) жүргізу бойынша интервьюер
ҰБШ деңгейі	4
Деңгейлер	Үрдістерді орындаудың талдауы және реттелуі
Еңбекті ұжымдық бөлудің рөлі	Негізгі өндіріс (үрдістер)
Білім	<p>Тілдік білім (құрылымы, грамматикасы, лексикасы), клиенттік қарым-қатынастарды құру негіздері (қағидалары және қызмет көрсету процестері: қажеттіліктерін анықтау, сапаның күтілетін деңгейіндегі қызмет көрсетулер, клиенттік тәжірибенің сапасын бағалау), компьютерлік / ИТ/ Тел. Ісқағаздарын жүргізу және әкімшілік тәртіп негіздері, сатулар және маркетинг (көрсетудің әдістерін және техникаларын, идеяларды алға жылжытудың және сатудың / қызмет көрсетулер негіздерін білу. Статистика саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа құқықтық -нормативтік актілерін, статистикалық бақылаулардың және талдаудың әдістемелін және нысандарын, сауалнамалық сұрақтаманы жүргізу және тексерістерді ұйымдастыру бойынша нұсқаулық және әдістемелік материалдарды, статистикалық есепке алу және есеп беру бойынша бастапқы құжаттардың нысандарын, статистикалық нысандардың ұсынылу тәртібін және мерзімін, еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздерін, экономика, еңбек заңнамасының негіздерін, ішкі еңбек тәртібінің, өндірістік санитарияның ережелерін, өрт қауіпсіздігінің, қауіпсіздік техникасының талаптарын білу.</p> <p><b>Стандарттық жұмыс операцияларын және әдістерін, жалпы фактілермен ақпараттарды білу.</b></p>
Ептіліктер (Дағдылар)	<p>Белсенді тыңдау, Тиімді вербалды тілдесу Идеяларды /мағынасын мәнін түсіне отырып оқу. Сыни ойлау, Клиентке- бағдарланушылық</p>

Кәсіптік құзыреттер	Тетіктерге көңіл қоюшылық, Әдісшілдік, Талдамалылық Қалыптылық, Жұғымдылық Ықпалдылық, Қамқоршылдық, Біршама дәреже тәуекелдік болатын, жобалармен қысқа мерзімді міндеттер аясында ақпараттың сипаттамасымен және деректерімен, рәсімдері бойынша жұмысқа бейімділік. Басқалармен жұмыс істеуге талпыныс, араласып және басқаларды оқып-үйрету, көмектесіп басқаларға қызмет көрсету.
Жеке құзыреттер	Өзіндік сана-сезім Білім алу Білуге құмарлық Приоритезация Жауапкершілік Тәуекелдікті қабылдау Мақсатқа жетудегі табандылық Бастамашылдық Таныстырушылық Келісімсөздік Командадағы жұмыс Әдептілік Эмпатия Клиентке- бағдарланушылық Өзін -өзі басқару Сынды барабар қабылдау

СБШ деңгейі	5
Кәсіптер ҰКЖ - нен	4314-1-002 Статистикалық бақылауларды (тексерулерді) жүргізу бойынша сұхбат алушы
ҰБШ деңгейі	5
Деңгейлер	Үрдістерді орындаудың талдауы және реттелуі
Еңбекті ұжымдық бөлудің рөлі	Негізгі өндіріс (үрдістер)

Білім	<p>Тілдік білім (құрылымы, грамматикасы, лексикасы), клиенттік қарым-қатынастарды құру негіздері (қағидалары және қызмет көрсету процестері: қажеттіліктерін анықтау, сапаның күтілетін деңгейіндегі қызмет көрсетулер, клиенттік тәжірибенің сапасын бағалау), компьютерлік / ИТ/ Тел. Ісқағаздарын жүргізу және әкімшілік тәртіп негіздері, сатулар және маркетинг (көрсетудің әдістерін және техникаларын, идеяларды алға жылжытудың және сатудың / қызмет көрсетулер негіздерін білу. Статистика саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа құқықтық -нормативтік актілерін, статистикалық бақылаулардың және талдаудың әдістемелін және нысандарын, сауалнамалық сұрақтаманы жүргізу және тексерістерді ұйымдастыру бойынша нұсқаулық және әдістемелік материалдарды, статистикалық есепке алу және есеп беру бойынша бастапқы құжаттардың нысандарын, статистикалық нысандардың ұсынылу тәртібін және мерзімін, еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздерін, экономика, еңбек заңнамасының негіздерін, ішкі еңбек тәртібінің, өнідірістік санитарияның ережелерін, өрт қауіпсіздігінің, қауіпсіздік техникасының талаптарын білу.</p> <p><b>Стандарттық жұмыс операцияларын және әдістерін, жалпы фактілермен ақпараттарды білу.</b></p>
Ептіліктер (Дағдылар)	<p>Белсенді тыңдау, Тиімді вербалды тілдесу Идеяларды /мағынасын мәнін түсіне отырып оқу. Сыни ойлау, Клиентке- бағдарланушылық</p>
Кәсіптік құзыреттер	<p>Тетіктерге көңіл қоюшылық, Әдісшілдік, Талдамалылық Қалыптылық, Жұғымдылық Ықпалдылық, Қамқоршылдық, Біршама дәреже тәуекелдік болатын, жобалармен қысқа мерзімді міндеттер аясында ақпараттың сипаттамасымен және деректерімен, рәсімдері бойынша жұмысқа бейімділік. Басқалармен жұмыс істеуге талпыныс, араласып және басқаларды оқып-үйрету, көмектесіп басқаларға қызмет көрсету.</p>

Жеке құзыреттер	Өзіндік сана-сезім Білім алу Білуге құмарлық Приоритезация Жауапкершілік Тәуекелдікті қабылдау Мақсатқа жетудегі табандылық Бастамашылдық Таныстырушылық Келісімсөздік Командадағы жұмыс Әдептілік Эмпатия Клиентке- бағдарланушылық Өзін -өзі басқару Сынды барабар қабылдау
-----------------	--

### Қорытындылар

Мемлекеттік статистикалық саласындағы интервьюлердің қызметін талдау келесіні танытты:

- Интервьюердің біліктілігі ҰРК бойынша 4-5 біліктілік деңгейін қамтиды. Бұл ретте зерттеу барысында консультанттар біліктіліктерді айқын бөлу өлшемшарттарын айқындамады. Біліктіліктерді саралау, әдетте, кәсіптік стандарттардың нұсқауларында орындалатын жұмыстардың үзілді-кесілді қағидасына негізделген болатын. Бұл жағдайдағы негізгі өлшемшарт - мамандардың тәжірибесі. Интервьюерлер бір уақытта 20 тексеріс жүргізуге қатысады. Осыған байланысты, біліктіліктер деңгейін бөлуге келесі көзқарасты қолдану ұсынылады: 4 ҰБШ деңгейі- 10 тексеріс түрінен кем емес орындайтын мамандар; 5 ҰБШ деңгейі- 10 тексеріс түрінен артық орындайтын мамандар.

- Бұдан басқа, 4-5 біліктіліктер деңгейінің мамандарына талаптар, әдеттегідей пәндік саланы түсінумен белгіленетінін атап өту қажет (әлеуметтану, маркетинг, ақыл-кеңес беру, статистика), ең алдымен табысқа қажетті **жеке құзыреттердің** рөлінде бар болуы. Дәл осы жеке құзыреттер мамандарды тартуға, іріктеуге және жалдауға негіз болады.

- Біліктіліктер нарығының және мамандарды ынталандыру нарығының байланысын құру үшін ҰҚЖ кәсіптер бойынша консультанттар сала шекарасына енген орташа еңбек ақы туралы деректер бойынша ҰСБ сұрау жасады.

- Ынталандыру нарығын құру үшін келесі әдіс қолданылды:



▪ «Сұхбаттасу» саласындағы **қызметтер бойынша** деректердің жетіспеушілігінен, «Адами ресурстарды басқару» саласындағы **кәсіп** бойынша кеңесшілермен құрылған ынталандыру нарығының деректерін біліктілік деңгейлеріне байластырумен пайдалану ұсынылады.

ҰБШ	75-ші процентиль	Медиана	25-ші процентиль	Орташа мәні
8	897 763*	759 263	386 987	1 133 422
7	416 950	269 268	191 342	581 613
6	307 722	221 160	162 021	279 522
5	280 535	194 300	106 559	227 681
4	244 925	186 667	103 098	220 648

\*Теңге, орташа айлық көрсеткіштер, 2018

#### 1.2.4 Әлеуметтік зерттеулердегі сұхбаттасу

Төменде көрсетілген ЭҚЖЖ-ға әлеуметтануда әртүрлі зерттеулерді жүргізетін ұйымдар жатады:

*72201 Отандық өндірісті дамытуға көмек көрсетуге бағытталған қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер*

*72202 Индустрияны дамытуға бағытталған қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер*

*72204 Экономикалық, бюджеттік және және стратегиялық жоспарлау саласындағы пәнаралық зерттеулер және әзірлемелер.*

*72209 Басқа топтамаларға енгізілмеген қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер және тәжірибелік әзірлемелер*

В 2017 жылы зерттеушілер тобы 2014 жылдан бастап 2016 жыл аралығында 3 жыл ішіндегі динамикада әлеуметтану зерттеулер нарығына талдау жүргізді. ҚҚПКЗҚ (Қазақстандық қоғамдық пікірлерді кәсіби зерттеушілер қауымдастығының) жұмыс тобы зерттеу теңестірген ретінде компаниялар саны 47 құрайды. Егер зерттеулер нарығын жалпы алсақ, онда оның көлемі 2016 жылы **5222** млн. теңгені құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда **11,7%** пайызға жоғары.



**1 - кесте. Қазақстандағы 2014- 2016 жылдардағы зерттеулер нарығының көлемі \***

	<b>2014 Теңге (млн)</b>	<b>2014 \$ (млн)</b>	<b>2015 Теңге (млн)</b>	<b>2015 \$ (млн)</b>	<b>2016 Теңге (млн)</b>	<b>2016 \$ (млн)</b>
Коммерциялық сектор	3617	19,5	3916	17,7	4959	14,5
Өткен жылға өзгерістер %			+8,3%	-9,2%	+26,6%	-18%
Мемсатып алу	1394	7,5	757	3,4	316	0,9
Өткен жылға өзгерістер %			-45,7%	-54,7%	-58,2%	-83%
Жылдық айналым	5011	27	4673	21,1	5222	15,3
Өткен жылға өзгерістер %			-6,7%	-21,9%	+11,7%	-27,5%

**Әлеуметтік зерттеулердің келесі кезеңдерін атап көрсетеді :**

- Дайындық кезеңі;
  - Әлеуметтік ақпаратты жинау;
  - Зерттеулер нәтижелерін талдап қорыту;
  - Жаңа теориялық білімді рәсімдеу, ұсынымдарды одан әрі әзірлеу,
- сонымен қатар орындалған зерттеулер негізінде жобаны дайындау

- \*Ақпарат биржаның сайтынан алынды Автор 24:

[https://spravochnick.ru/sociologiya/sociologicheskie\\_issledovaniya/etapy\\_sociologicheskikh\\_issledovaniy/#etapy-sociologicheskogo-issledovaniya](https://spravochnick.ru/sociologiya/sociologicheskie_issledovaniya/etapy_sociologicheskikh_issledovaniy/#etapy-sociologicheskogo-issledovaniya).

Сапалы ақпарат жинау жалпы зерттеудің ары қарайғы сапасына әсер ететіндіктен, сұхбат алу әлеуметтік зерттеудегі ақпарат жинаудың бір құрамдас кезеңі болып табылады. Әлеуметтанудағы сұхбат алу- белгілі бір мақсатты және белгілі бір қатысымдық тәсілді (бірізділік, сұрақтар қою түрі және т.б.) басшылыққа алып, арнайы дайындалған орындаушы (сұхбат алушы) сұрақ қоятын, екі адамның арасындағы бетпе-бет сөйлесу (көзбе-көз сұхбат) барысында ақпарат алу әдісі.

Сұхбат алу әдісі жауап бермегендер санын және сұрақнамаларды толтырудағы қателерді азайту есебінен жиналатын деректердің сенімділігін арттырады.

**Өндіріс негізіне жататын жұмыс қағидаттары**

1. Алынатын деректердің сенімділігі және анықтығы .
2. Артынан расталуымен немесе теріске шығаратын болжамның әзірлемесі.

## Сұхбаттасудың келесі түрлерін атап көрсетуге болады:

Атауы	Сипаттамасы
<b>Әлеуметтану</b>	
Нысандандырылған сұхбаттасу	бірізділіктен және сұрақтар құрылымынан, ашық және жабық сұрақтармен ықтимас жауапнұсқаларынан тұратын, егжей-тегжейлі әзірленген бағдарлама бойынша сұхбат
Нысандандырылған сұхбаттасу	интервьюер әрекетін минималды нақтылаумен, анықтаусыз алайда нақты сұрақтарды жалпы бағдарлама бойынша сұхбат
Назар аудартатын немесе бағытталған сұхбаттасу	респондент алдын ала танысқан бір тақырыпты жан-жақты талқылау; мұндай сұхбат алудың жоспары сұхбат уақытында міндетті түрде қарастыру керек болған сұрақтар тізбесін ғана қарастырады, алайда сұрақтардың бірізділігі және құрылыны сұхбаттың нақты бір жағдаятынан, пікірі сұраушының тұлғалық ерекшеліктерінен өзгеруі мүмкін.
Назар аудартпайтын (бағытталмаған) сұхбаттасу	заттық бірлігі, ортақ тақырыбы немесе зерттеушілік түпкі ойы жоқ. Бұл жерде араласқан тақырып өріс алып, логикалық бірізділікті құрмай, әртүрлі сұрақтар бірін бірі алмастырылып отырады.
Тұлғалық немесе жеке сұхбаттасу	сенімділік ахуалда және бөтен бақылаушылардың болмауында бір сұхбат берушімен бетпе-бет оңаша сұхбат
Топтық сұхбаттасу	осы жағдайда модератор деп аталатын, ұжымдық пікірді анықтау, бір затқа жалпы көзқарастарын анықтау үшін, бір сұхбат алушының бірнеше адамдармен сұхбаты. Негізгі түрлері — фокус-топ және ақылдылар талқысы.

## Қазақстан нарығындағы зерттеулер түрлері

Әлеуметтік зерттеулер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жобалардың әлеуметтік бағасы</li> <li>• Қоғамдық пікір мониторингісі</li> <li>• Элиталарды зерттеу</li> <li>• Әлеуметтік проблемаларды арнайы зерттеу</li> <li>• Аумақтарды және шаруашылықтарды әлеуметтік-экономикалық зерттеу</li> <li>• Мемлекеттік бағдарламалар шеңберіндегі зерттеулер және мониторинг</li> </ul>
Әлеуметтік-экономикалық зерттеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>• үй шаруашылықтарын әлеуметтік-экономикалық зерттеу</li> <li>• аумақтарды әлеуметтік-экономикалық зерттеу</li> </ul>
Персоналды зерттеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Персоналдың қызығушылығын және қанағаттанушылығын, корпоративтік сәйкестігін және ниеттестігін зерттеу</li> <li>• Еңбек ұжымдарындағы қарым-қатынастарды зерттеу</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Әлеуметтік-еңбек жанжалдарын алдын ала болжау</li> <li>• HR-менеджментінің проблемаларын және HR-консалтингтегі қажеттіліктерді зерттеу</li> <li>• Әлеуметтік-еңбек металдығын зерттеу</li> <li>• Персоналдың маркетингтік тиімділігін зерттеу</li> <li>• Жұмыс берушілердің имиджін және абырой-беделін зерттеу</li> <li>• Жұмыс берушінің сауда белгісін зерттеу</li> <li>• Өртүрлі мәртебедегі және деңгейдегі мамандарды дайындау проблемалары бойынша зерттеу</li> <li>• Еңбек нарығын және жұмыспен қамту проблемаларын зерттеу (оның ішінде нақты бір компанияның еңбек нарығы)</li> </ul>
--	--

## Біліктілік талаптары

Бүгінгі таңдағы интервьюерге қойылатын негізгі талаптар:

1. Сабырлылық, адамдармен қарым-қатынас жасай білу, жауапкершілік, үздік қарым-қатынас дағдылары, ұйымдастырушылық қабілеттері, мұқияттылық, жұмыс істеуге ынталану, еңбексүйгіштік, білімін көтеруге ниет, белсенділік
2. Ақ ниеттілік, әдептілік, адалдық,
3. Жоғарғы білім (маркетинг, әлеуметтану, психология, журналистика салаларында)
4. ДҚ білуі
5. Сауатты сөйлей білу, анық дикция
6. Көшеде сауалсалуларды және сұхбат жүргізу тәжірибесі (кез келген сандық зерттеулер)

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес кәсіби міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті білім, ептіліктер (дағдылар), кәсіптік және жеке тұлғалық құзыреттері түрінде біліктіліктер талаптары қалыптасады. Төмендегі кесте біліктілікке қажетті құзыреттерді сипаттайды.

СБШ деңгейі	6
ҰБШ деңгейі	6
ҰКЖ -дан кәсіптер	4314-2-005 Сауалсалуды жүргізу бойынша интервьюер 4314-2-001 Егістік даласындағы зерттеулердегі интервьюер 2632-1-007 Сауалсалулар бойынша маман
Кезеңдер	
Еңбекті ұжымдық бөлудегі рөлі	Негізгі өндіріс (процестер)

Білім	<p>Тілдік білім (құрылымы, грамматикасы, лексикасы), клиенттік қарым-қатынастарды құру негіздері (қызмет көрсету қағидаттары және процестері: қажеттіліктерін анықтау, сапаның күтілетін деңгейіндегі қызмет көрсетулер, клиенттік тәжірибенің сапасын бағалау), компьютерлік / ИТ/ Тел. Ісқағаздарын жүргізу және әкімшілік рәсімдер негіздері, сату және маркетинг (қызмет көрсетудің әдістерін және техникаларын, идеяларды алға жылжытудың және сатудың / қызмет көрсетулер негіздерін білу. Арифметика, алгебра, геометрия, есеп айырысу әдістері, статистика саласындағы білімі. Стратегиялық жоспарлауды, ресурстарды, персоналды басқаруды, ұжымдағы көшбасшылықты, өндірістің технологиясын қоса, менеджмент және бизнесті жүргізу қағидаттарын білуі.Топтық мінез-құлық және динамиканы, қоғамдық даму, мәдениет тарихын және табиғатын қоса, әлеметтану негіздерін білу. Психологияны, оның ішінде адамның мінез-құлық және тиімділік табиғатының негіздерін, қабілеттеріндегі жеке тұлғалық ерекшеліктерін, жеке бас мінездемелерін, білім алуын және уәждемелерін, қызығушылықтарын, психологиялық зерттеулер әдісін білу. Әлеуметтану саласындағы <b>базалық теориялық негіздерді түсінуімен, әдістердің, техникалардың және процестердің мамандандырылған кең білімі</b></p>
